

Медициналық статистика.
Статистикалық шамалар:
абсолюттік сандар, қатысты
көрсеткіштер, қатысты
көрсеткіштер, стандартталған
көрсеткіштер.

Орындаған: Жасыбекова И.
Тексерген: Бердалиева Л.С.




Жоспары

- Кіріспе
- Медициналық статистика
- Статистикалық шамалар түрі
- Абсолюттік сандар
- Қатысты көрсеткіштер және оның түрлері
- Стандарталған көрсеткіштері
- Қорытынды



Кіріспе

- Статистика деген латынша «Stato», ал қазақша «Жағдай» деген мағынаны көрсетеді. Қазіргі кезеңде ғалымдардын көбісі статистикаға мынандай түсінік береді. «Статистика жеке қоғамдық ғылыми бағыт. Ол қоғамдағы белгілі бір мезгілде және кеңістікте жүретін жалпы өзгерістердің сандық және сапалық жағын зерттейді». Осыған қарағанда статистика жалпы көріністерді тұжырымдау үшін қажет екен. Оны жеке көріністерді зерттеуге қолдануға болмайды. Сондықтан оны басқаша «Статистика деген - жалпы көріністердің топтық қасиеттерін математикалық жолмен түсіндіру» деуге болады.

- 
- Статистиканың материалдық бөлімі деректі сандардың жиынтығынан тұрады. Ал медициналық статистиканың материалдық бөлімі тұрғындардың денсаулығы туралы деректі цифрлар жиынтығынан құралады. Медициналық статистика тек қана ғылыми немесе пәндік бағыт емес, сонымен қатар қоғамдық тәжірибе. Оның көмегімен медицина мекемелері есепке алу және есеп беру жұмыстарын атқарады. Есепке алудың терең мағынасы бар. Ол есепке алудың жоспарлаумен тығыз байланысты бірыңғай жүйесі.

Есепке алудың түрлері

```
graph TD; A[Есепке алудың түрлері] --> B[Оперативтік]; A --> C[бухгалтерлік]; A --> D[статистикалық];
```

Оперативтік

бухгалтерлік

статистикалық



Медициналық статистика


- Медициналық статистика дегеніміз – қоғамдық тәжірибе саласы және жекеше оқылатын маңызды пән. Ол жалпы статистиканың бір тармағы. Басқаша айтқанда, медициналық статистика қоғамдық медициналық ғылым. Ол денсаулықты және денсаулықты сақтау жұмысын сандық және сапалық жағынан зерттейді. Сонымен қатар, статистиканың әдістері мен әдістемелері арнайы медициналық мәселелерді де шешуге қолданылады. Кез-келген саладағы дәрігерлер мен денсаулықты сақтауды ұйымдастырушылар үшін медициналық статистика денсаулыққа, санитарлық және өндірістік тіршіліктік жағдайға сандық және сапалық баға беруге қолданылатын негізгі құрал болып табылады.

Медициналық статистика жалпы статистика
ғылымының негіздеріне жүгінеді.
Ол үш бөлімнен тұрады:





Статистикалық көрсеткіштер



Статистикалық көрсеткіш деп – әлеуметтік экономикалық құбылыстар мен процестерді сипаттайтын қорытындылаушы шаманы айтады. Жиынтықтың жеке мәндері белгілерді, ал сандық сапалық сипаттамасы жиынтықтың (топтың) қасиетін-статистикалық көрсеткішті білдіреді. Мысалы, нақты бір студенттің орташа үлгерімі - бұл белгі, жоғары оқу орнының студенттерінің үлгерімі - бұл көрсеткіш болады.



Статистикалық көрсеткіштер

• Статистикада қорытындылаушы шамалардың үш тобы бар.

Олар:

- абсолютті шамалар,
- қатысты шамалар
- стандартталған шамалар.



Абсолютті статистикалық көрсеткіштер

- Абсолютті статистикалық шамалар бастапқы мәліметтерді жинақтау арқылы алынады.
- Абсолютті шамалар деп қоғамдық құбылыстардың абсолютті мөлшерін көлемін сипаттайтын көрсеткіштерді айтады.



Абсолютті шамалар

- Жеке абсолютті шамалар зерттелетін жиынтықтың жеке бөліктерінің мөлшерін көлемін білдіреді. Мысалы, бір мектептегі оқушылар саны, бір дүкеннің тауар айналымы, бір жұмысшының айлық табысы және т. б.
- Жалпы абсолютті шамалар жеке абсолютті шамалардың қосындысынан алынады. Абсолютті шамалардың көмегімен зерттелетін құбылыстардың абсолютті мөлшерін сипаттайды: көлем, салмақ, аудан, ұзындық және т. б.

Абсолютті статистикалық көрсеткіштер

- Абсолютті көрсеткіштер атаулы сандар болып келеді, сондықтан абсолютті шамаларды есептеу кезінде төмендегідей өлшем бірліктері пайдаланылады:
- а) табиғи: дана, тонна, литр, шаршы метр, куб метр т. б.
- б) құндық: өнім бірлігінің бағасы, өнім бірлігінің өзіңдік құны, сатылған тауар бірлігінің құны;
- в) есептік өлшем бірліктері бірнеше табиғи өлшем бірліктерінің тіркесі арқылы алынады. Мысал ретінде тоннокилометр (т/км) алуға болады. Ол көлік жұмысының көлемін бағалау үшін қолданылады: егер салмағы 5 тонналық жүк 50 километр қашықтыққа тасымалданса, онда тасымалдардың көлемі 250 т/км құрайды. г) шартты-табиғи өлшем бірліктері өнімнің көлемін бағалау үшін пайдаланылады. Мұндай өлшем бірліктері энергетикада (шартты отын), консерві өнеркәсібінде (шартты банка), полиграфия өнеркәсібінде (шартты баспа табақ) пайдаланылады; д) еңбек өлшем бірліктері: адам-күн, адам-сағат.



Қатысты шамалар

- Қатысты шамалар құбылыстардың сандық қарым қатынасын білдіреді, олар бір абсолютті шаманы екіншісіне бөлудің нәтижесінде есептеп шығарылады.
- Қатысты шамалар салыстыру негізі 1 -ге тең болғанда коэффициент түрінде, салыстыру негізі 100 -ге тең болғанда пайызбен өлшенеді.



Қатысты шамалар


Мазмұнына қарап қатысты шамалардың:

- **динамикалық,**
- **жоспарлық тапсырманың орындалуы,**
- **жоспардың орындалуы,**
- **құрылымдық,**
- **үйлестік (координациялық),**
- **үдемелік (интенсивтік),**
- **салыстырмалы,**
- **дәрежелік топтары**



Қатысты шамалар

Динамикалық қатысты шамасы зерттелетін құбылыстырдың уақыт бойынша өзгеруінің деңгейін сипаттайды немесе өткен кезеңдегі нақты уақыт шамасын салыстыру арқылы есептеледі. Динамиканың қатысты шамасының негізгі түрі болып өсу коэффициенті немесе өсу қарқыны болып табылады.





Қатысты шамалар

- жоспарлық тапсырманың қатысты шамасы есептік кезеңдегі жоспарлық тапсырма шамасының өткен кезеңдегі нақты шамаға қатынасы арқылы алынады.
- Мысалы жоғарыдағы мәліметтер бойынша теледидар өндірісінің жоспарлық тапсырмасын орындау.



Қатысты шамалар

- **Жоспардың орындаудың** қатысты шамасы құбылыстың нақты деңгейімен оның жоспарлық нақты деігейін салыстыру арқылы алынады.
- Құрылымдық жалпы жиынтықтың жеке бөліктерінің үлесін көрсетеді және жиынтықтың жеке бөліктерінің мәнін оның жалпы жиынтығына бөлу арқылы есептеледі.

Қатысты шамалар

Салыстырмалы қатысты шама – аттас шамалардың қатынасын білдіреді. Мысалы, әр елдің халқының санын, ЖІӨ және т. б. салыстыру. Салыстырмалы қатысты шама өлшем бірліктері коэффициентпен немесе пайызбен беріледі және қанша есе көп немесе аз екендігін көрнекті түрде көрсетеді.

үйлестік (координациялық) жиынтықтың жекелеген бөліктерінің арақатынасын сипаттайды. Мысалы, еркектер санының әйелдер санымен арақатынасы, республикада жекелеген ұлт өкілдері санының арақатынасы, ауыл халқы саны мен қала халқы санының арақатынасы және т. с. с.

Дәрежелік қатысты шамалар – әлеуметтік экономикалық құбылыстардың даму немесе кему үдерістерін жан басына шаққанда шығатын көрсеткіштермен көрсетеді. Нәтижесі атаулы санмен беріледі. Мысалы, жан басына шаққанда келетін ЖІӨ, орташа еңбек ақы

үдемелік (интенсивтік) жекелеген құбылыстардың басқа құбылыстардың арасында қаншалықты тарағанын сипаттайды, олар демографиялық үдерістерді сипаттау үшін жиі пайдаланылады. Үдемеліктің шамасына туылу, өлім жетім және некелесу, ажырасу коэффициенттері жатады. Бір жылдың ішінде дүниеге келгендер, қайтыс болғандар, некеге отырғандар, ажырасқандар санының халықтың орташа жылдық санына қатынасы бойынша есептеледі, сол қатынас 1000 ға көбейтіледі.



Қорытынды

Медициналық статистика дегеніміз – қоғамдық тәжірибе саласы және жекеше оқылатын маңызды пән. Ол жалпы статистиканың бір тармағы. Басқаша айтқанда, медициналық статистика қоғамдық медициналық ғылым. Ол денсаулықты және денсаулықты сақтау жұмысын сандық және сапалық жағынан зерттейді. Сонымен қатар, статистиканың әдістері мен әдістемелері арнайы медициналық мәселелерді де шешуге қолданылады. Кез-келген саладағы дәрігерлер мен денсаулықты сақтауды ұйымдастырушылар үшін медициналық статистика денсаулыққа, санитарлық және өндірістік тіршіліктік жағдайға сандық және сапалық баға беруге қолданылатын негізгі құрал болып табылады.